



АХМЕТ

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

4



КАЗАКТАН РЕГИОННАКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚИАТАТ
МИНИСТРАТИ



КӨПТӨМАРК
ШІТІРМАЛАР
Ж.ННАРПИ

М.О.ӘВЕСОВ АТБИДІАЛЫ ӘДІБІЕТ
ЖӘНЕ ӘНГІЗ НҰСҚАТАЛЫ
КАЗАКТАН РЕГИОННАКАСЫ
АТТАРК-КІТАПХАНАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРАҒИ

АХМЕТ

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰАТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ



АХМЕТ

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

4

Әліппелер мен
мақалалар



АЛМАТЫ "АЛАШ" 2006

ББК 83.3(5 Каз)

Б 20

“Алаш мұрасы” сериясының редакция алқасы:
М.Құл-Мұхаммед, Е.Ертісбаев, Н.Нұрғазин, Ғ.Әнес,
С.Қасқабасов, М.Қойгелдиев, Д.Әшімханұлы,
С.Қирабаев, К.Нұрпейіс, Р.Нұрғалиев

Жауапты редакторы: А.Ісімақова

Құрастырып, баспаға әзірлеп, ғылыми түсінік жазғандар:

А.Ісімақова, Р.Имаханбетова

Байтұрсынұлы А.

Б 20 **Бес томдық шығармалар жинағы.** — 4-т. **Әліппелер мен мақалалар жинағы.** (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөздің негізін қалаған көсем сөздер). — Алматы: “Алаш”, 2006. — 320 бет.

ISBN 9965-669-70-8

Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ балаларының ана тілінде сауат алуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақ баспасөзінің негізін қалаушы. Жинаққа Қазақша алифба (1912), Әліп-би (1926), Сауат ашқыш (1926) атты әліппелері және сол жылдары өзекті мәселелерді көтерген түрлі тақырыптағы мақалалары топтастырылып, берілді.

Жинақ мектеп оқытушыларына, жоғарғы оқу орындарының ұстаздарына, жалпы көпшілік оқырман қауымға арналған.

С 4603020000 хабарландырусыз — 2006
00(05)-04

ББК 83.3(5 Каз)

ISBN 9965-669-70-8-(Т.4)

ISBN 9965-669-12-0

© Байтұрсынұлы А.

© Әдебиет және өнер институты, 2006

© «Алаш» баспасы, 2006



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ АТАСЫ ҺӘМ КЕМЕҢГЕР КӨСЕМСӨЗШІ

Ахмет Байтұрсынұлының 4-томының құрамы баспаның көлемді шектеуге қойған талаптарына байланысты жоспарланғаннан өзгерген. Бұл томға Әліппелер: Оқу құрал. Қазақша алифба, 1-кітап (Орынбор, 1912), Әліп-би. Жаңа құрал (Қызылорда 1926), Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін, 1-кітап (Семей, 1926) атты кітаптары топтастырылды. Және кітапқа еніп отырған жазу, емле, терминология мен оқу-ағарту мәселелері және саяси-әлеуметтік ахуалға байланысты мақалалары мен ғылыми баяндамалары. Бұл мақалалардың дені 1991 жылы «Ақ жол», 1992 жылы «Тіл тағылымы», 1996 жылы «Жаңа низам» атты таңдамалы жинақтарда және «Айқап» (1995), «Қазақ» (1998) энциклопедиялық басылымдарда, «Маса» (2005) атты жинақта жарияланған.

Оқу құралы. Қазақша алифба. Кітап «Би исми – иллаһи – раһмани – раһим» деген құран сөзімен ашылады. 1-нші кітабы насихат өлеңмен басталады:

Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, түсіп, байқап қаралық та!
Бү жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріндер, іздеп тауып алалық та!

Бірден үш қаріп топтастырыла беріліп, олардың дыбысталу ерекшеліктеріне қарай атау сөздер берілген. Тұрған сөз оңнан солға «ар», «аз», «ара», «аза» болып оқылады. А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасын, дауысты, дауыссыз дыбыс таңбаларын анықтап, кестелеп келтірген. Кітапшаның соңында берілген көркем мәтіндердің танымдық мәні зор: туысқан-туған ілікдес, киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақтар-сусындар, дене мүшелері, үй саймандары (киіз үй), ыдыс-аяқ, малдар аты, малдан басқа төрт аяқтылар, құстар, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жер түгінің аттары, жер жүзінің атаулары, сан, жаңылтпаш, жұмбақ пен мақалдар қысқа да нұсқа қамтылған. Соңында «Біздің үй», «Мен қалай оқуға бар-

дым» атты өңгімелер мен «Өтірік өлеңдер», «Шын өлеңдер» топтастырылған. Мәселен, «Малдар аты» атты өңгімеде түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі атаулары беріледі де «адам сөйлейді» деп: малжануарлардың дыбыстау ерекшелігі келтірілген: «түйе боздайды, жылқы кісінейді, сиыр мөңірейді, қозы маңырайды, ит үреді, мысық мияулайды». Ғалым оқушы балаларға «Жер түгінің аттары», «Ағаштар мен шөп аттарын» арнайы бөліп береді. «Жер жүзінің аттары» деген тақырыпта: тау, адыр, қыр, жон, жота, дөң, дала, сай, төбе, төмпе, шоқы, қабақ, ой, жазық, дала, сай, шың, томар, жарық деп; Теңіз, көл, сор, өзен, өзек, қопа, шұңқыр, қара су, бұлақ, қырат пен суат деп бөле-жара қарастырады.

Мақалдар да бала қабылдауына сай теріліп алынған. Мысалы, «Оқу — білім азығы, білім — ырыс қазығы», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Білім жұғысады, ырыс ауысады», «Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас» деген қанатты тіркестер оқушының қабылдауына жеңіл, әрі тәлімдік мәні зор. Өтірік өлеңдер: «Беріпті бақа қызын көбелекке...», шын өлеңдер: «Балалық күй» деп үш-төрт шумақты, 11 бунақты жеңіл өлең жолдары таңдалып берілген.

Әліп бій. Жаңа кұрал (Новый букварь) атты оқулықтың шығарушыдан деп берілетін алғысөзінде «1925 жылдың қазан айының 21-і күні» көрсетілген. 1928 жылы кітаптың үшінші рет басылым көргені айтылады. Қолда бар қос кітаптың да беташары А.Байтұрсынұлының балаларға парыз еткен «Балаларға тарту» өлеңімен ашылады. Шығарушы «төте оқу», яғни, дыбыс негізі әдісі туралы ғылыми мағлұмат береді. Сонымен қатар, сөзді «тұтас оқу» әдісі туралы да айтуды жөн санайды. Ғалым осы ретте ұстаздар алдына нақты сауал да қояды: бұрынғы «Оқу кұралы» мен бұл «Жаңа кұрал» екеуінің қайсысы үйретуге жеңіл? Ғылыми істің осылай нақты тәжірибе арқылы сыннан өтуін талап ету бүгінгі оқулықтарға да қажет. Оқулықтың көркем мәтіндері де қысқа, бірақ маңызды: «Ат-бақыл», «Балық аулау», «Базар», «Атта да ақыл бар», «Аш шал», «Тоғайға сайран», «Қармақ салу», «Қармақ салуға бардым», «Жұмаш», «Жарлы-жалаңаш тойы», «Ақша қар», «Теке мен серке», «Таңертең», «Тігін», «Біздікі», «Күзет», «Жүген жұмысы», «Сонар», «Әліп-бій», «Қат», «Мектепке түскен күні», «Біздің тәртіп» т.б. Әр мәтін соңында тапсырмалар беріледі де, «Сауалдар», «Жұмбақтар және «Ойнандар! Ойландар!» атты арнайы айдармен қысқа да нұсқа мәтіндер: «Көмектестік», «Жалпы жиылыс», «Тазалық тәртібі», «Салақтықтың кесірі», «Дәрігер бізге не айтты?», «Сағат», «Мектептегі мереке», «Менің міндетім» т.б. тікелей бабалардың этикалық тәрбиесіне байланысты топтастырылған. Бұл мәтіндердің тәрбиелік мәні ерекше. «Менің міндетім» атты шағын мәтін келесі мақалмен түйінделеді: «Жігіттің ерінгені — көрімнің көрінгені». «Күз белгісі», «Күз атты» мақалалар жылдың осы мезгіліне арналған көркем өлеңмен түйінделген. «Жетім» мәтінінде Омар деген баланың жетім екенін білген балалар онымен кітап, қарындаштарымен ғана бөліспей, «оған тимейік, болысып жүрейік» деген бала ақылымен бітеді.

«Түс көргенім», «Құлақ қаттар» «Сызық ішама», «Ұят-ай!»,

«Күн-бақпамыз», «Бү қай кезде болады» (өлең), «Қыс қамы», «Үмені көргенім», «Күзем», «Шана істегенім» мәтіндерінің де тәрбиелік, танымдық мәні атауларында тұр. Бүгінгі біздің бастауыш мектептерге арналған тым күрделеніп кеткен оқулықтарымыздан гөрі, осы аз сөзді, көлемі жұқа болғанымен, мағынасы терең кітаптың біздің ұрпақ оқытудағы бүгінгі әдістемемізге әлі де жол басшы болары хақ.

Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін, 1-кітабы дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген. Төте жазу ережесінен кейін топтастырылып берілген мәтіндер ересектерге арналғаны бірден аңғарылады. «Шорман» жинағынан «Торайғыр бидің тақпақтары» атты өлең мен «Алшын Қаражігіт би», «Қулық», «Даукестер сөзі» деген әңгімелер берілген. Ыбырай Алтынсарыұлы кітабынан «Атақозы би», «Алдар көсе», «Қожанасыр», «Мүңке би», «Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейітқұл» атты танымдық әңгімелер алынған. Әбубәкір Диваевтан «Көсем бала», «Әділ би», Қожанасыр ақылы (әңгіме), Шайқ Сағдидан («Асау тұлпар»), Бекеттен «Туған жер» (Жуковский), «Тұтқын зары» (Красовский), Бұйраұлынан «Өмір», «Жатырсың неге ұйықтап», Абайдан «Шырылдауық шегертке» (Крылов), өзінің «Қырық мысал» жинағынан «Қасқыр мен мысық», «Кісі мен арыстан», «Иттер достығы», Елдес Омаровтан «Қазақ салты» және «Дағдылы жол мен айлалы жол», Агрономнан «Шаруа жайы», «Қазақ малының тұқымын асылдандыру жайында» (Бенкеевич), «Сүтті сиырдың белгілері», Ауылдан «Өрбу», «Олақтық па, салақтық па?» әңгімелері, Қойайдарұлынан «Көператсийе», Мағжан Жұмабаевтан «Түн еді» өлеңі, Телжан Шонанұлынан «Күн» (Толстой), «Тамшының тарихы» атты аудармалары, Қыр баласынан (Әлихан Бөкейханов) «Дүние қандай?», Сәрсенбіұлынан «Ленин», Жағыпардан «Ленин және ортақшыл партиясы», Ғ.Сұлтанұлынан «Қуанышты күн» атты т.б. түрлі тақырыптағы көлемді әңгімелер мен алуан түрлі өлеңдер топтастырылған. Жалпы саны 40 тақырып, оның ішінде 7 өлең, 2 аударма-тақпақ, 4 мысал-өлең, 25 әңгіме, 2 көркем аударма қамтылған.

Қазақ жұртының қоғамдық әлеуметтік дамуы үшін ұлттық баспасөздің атқарар орны ерекше. Ғасыр басында билігі басым ұлт өкілі аз санды қазақ жұртын бұратана санап, өз атымен атамай «қырғыз» атағаны, ал қырғыздарды «қара қырғыз» дегендері тарихтан мәлім. Дәл осы тұста езілген елінің жоғын жоқтап, сол заманға лайық үн көтерген «Айқап» (1911–1915 ж.ж.) журналы мен «Қазақ» (1913-1918 ж.ж.) газеті болғандығы белгілі. Осы басылымдарда өз кезеңі үшін орны зор, мәні үлкен әлеуметтік көкейтесті мәселелерді сөз етіп, сан алуан өзекті тақырыптарды көтерген ұлт жанашыры да Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Қаламгердің «Тағы да народный сот қақында» мақаласы алғаш «Айқап» журналының 1911 жылғы 6-шы нөмірінде жарық көрген. Мақалада билердің орнына сайлау арқылы енгізілген «қалық соты» деп аталатын лауазымға қатысты пайда болған жағымсыз құбылыстардың себеп-салдарына талдау жасалған. Судья сайлауын қазақ түсінбей, сөзімен, шешімімен әділеттіліктің айнасы болған билердің орнына «өз

елінің», «өз руының» шала сауатты адамдарын сайлауды әдетке айналдырғанын сынға алады. Соның салдарынан бассыздық, заңсыздыққа жол беріліп, адам құқы тапталатынын дәлелдейді. А.Байтұрсынұлы сайлау жәй талас емес, ол халықтың пайдасы үшін шешілуін талап етеді: «Қалал мен қарамды» талғауды еске салады, себебі жаман іс әркімнің қолынан келеді, жақсы іс қолдан келуі қиын. Мақалада автор «Осы күнгі билер қағида бойынша істемейді, ойына келгенін істейді» деп батыл жазады.

«Қазақ жерін алу турасындағы низам» мақаласында ХХ ғасырдың басындағы жер мәселесінің ушығуы айқын көрсетілген. Ахмет Байтұрсынұлы жалпы жұртшылықтың заңды білмегендіктен құқықтары аяққа тапталатынын дәлелдеп, қазақтың жерін алуды мақсат еткен патша өкіметінің жарлығына нақтылы түсінік береді. Заңды білу арқылы жеке адам өз құқын қорғайды деген үмітпен халықтың азаматтық санасын оятуға әрекет жасайды. Бұл мақала 1911 жылы «Айқапта», 1913 жылы «Қазақ» газетінде қайта жарияланған. А.Байтұрсынұлының осы мақаламен сарындас «Земство», «Жер жалдау жайынан» атты еңбектері ұлттық мүддеге тікелей қатысты. Сол кезеңде жарияланған низам, бұйрықтардың (9/06.1909) қазақ халқына берер пайдасы мен зарарына тоқтала отырып, 22 пунктен тұратын қажетті мәлімет береді. А.Байтұрсынұлы «Қазақ пайдасындағы жердің артықтарын переселендерге беруде қазақтың ата-бабасынан қалған қыстау мен жайлауларының орнықты болуын қалай шешу керек» дегенге нақты ұсыныстар жасайды. «Земство» мақаласы «Қазақта» 1913 жылы жарық көрген. Автор Ресей губернияларында арнайы енгізілген «Земствоның» құқықтық жағдайлары мен міндеттеріне кеңінен талдау жасайды. Оны қазақ қоғамына пайдалану, енгізу өте тиімді екенін мысалдармен, әлеуметтік практикадан алынған деректермен нақтылы дәлелдейді. Негізінде «Земствоны» жақтай отырып, А.Байтұрсынұлы қазақ қоғамында жергілікті басқаруды тиімді етудің жолдарын ойластырады. «Жер жалдау жайынан» мақаласында қазақтардың қоныс аударған орыстарға жерлерін сатып жатқанын ашына жазады.

«Қазақ әм 4-ші Дума» 1912 жылы жазылған мақала. Мұнда А.Байтұрсынұлы «Айқаптың» бетінде Думаға қазақ депутаттарын сайлау туралы жазылған мақалаларға қорытынды жасайды. Мемлекеттік Думаға қайткен күнде де қазақтан депутат сайлаудың ауадай қажет екенін айтады. Заң шығаратын орында қазақ халқының мүддесін жақтайтын және қорғайтын тек қана қазақ азаматы бола алатынын дәлелдеп көрсетеді. Шынында да қазаққа қатысты заң қабылдана қалған күнде оның кемшіліктерін айтып, басқа депутаттарға түсіндіре алатын қайраткер тек қазақтан сайланған болуы керектігі даусыз еді. Осы орайда 2-ші Мемлекеттік Думаға Орал облысынан сайланған Бақытжан Қаратаевтың қазақ жерін қызғыштай қорғап сөйлегені бәрімізге мәлім.

«Көшпелі әм отырықшы норма» мақаласы «Қазақта» 1913 жылы жарияланған. Мұнда қаламгер ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында ерекше дау туғызған жер мәселесі туралы баспасөз бетінде көтерілген пікір таласқа талдау жасайды. Біз бүгін «Малый

кредит — шағын несие» алу деп жүрген мәселе туралы А.Байтұрсынұлы 1913 жылы «Уақ қарыз» мақаласында ел арасында уақ қарыз беру мен алу ісін қалай ұйымдастыру қажеттігін талдап, түсіндіріп берген. Уақ қарызды тиімді ұйымдастырған жағдайда халыққа пайдалы болатыны дұрыс көрсетілген. Мақалада көтерілген мәселелер қазіргі нарықтық қатынастар қалыптасып келе жатқан кезеңде өз мәнін жоймағаны анық.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ әм түрлі мәселелер» (1914) атты мақаласында бұратана халықтар тек орыс тілінде оқытылсын деген мемлекеттік, империялық бағдарламаны қатаң сынға алған. Әрі мұны үнсіз қабыл алған өз жұртына басқа жұрттың «қарсы шығып, келіспейтінін білдіргенін» мысал-өнеге етеді. «Қазақтың қарасын көрмегендер қазақ жайын қайдан білер. Қазақ аң сықылды, арам мен адалды айырмайтын қалық деп біледі, сондықтан қазаққа орыс ойына келгенін істейді». Бұл жөнінде газет бетінде дүркін-дүркін көтерілген даулы пікірге өз жұртының селт етпеуін «...үндемей отырғаны естімегеннен емес, керексінбегендіктен емес, жандығының жоқтығынан, үрейсіздігінен» деп намысын қамшылайды. Сонымен қатар, қазақ арасында дінді дамыту үшін ең алдымен, бағдарлама жасаудың қажеттігі өзекті мәселе етіп қойылған. Мұсылмандықты биік дәрежеге көтеру үшін алдымен дін қызметкерлерін оқытып, дайындау керек екенін айтады.

«Закон жобасының байандамасы» деп аталатын еңбек «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 80-ші нөмірінен бастап 1915 жылғы 105-ші нөміріне дейінгі аралықта жарық көрген. Мақалада орыс империясының қазақ жеріне қолын салып, басқару жүйесін өз мақсаттарына бейімдеуі батыл түрде көрсетілген. Автор қазақ халқының болмысына, этнопсихологиясына, ұғымына жат, сырттан телінген заңның қажетсіз екенін өте жақсы дәлелдеген. Бұл еңбек құқық тарихын зерттеп жүрген ғалымдар үшін аса құнды материал.

Мақала ауқымды тақырыптарды қамтиды: «Қазақ халқын билеу туралы уақытша ереже», «Сайлау әм партия пәлесі», «Осы күнгі соттың тәртібіндегі кемшіліктер», «Билікті бұзуға іздену», «Сот ісіне көкімдердің қатысы», «Билікті орнына келтіру», «Көшпелі қазақтардың сотын өзгертудің негізі», «Судиалардың еңбекақысы» т.б. Осыларды ұдайы жариялап отырғаны үшін А.Байтұрсынұлына Орынбор генерал-губернаторы 1500 сом айыппұл төлеуге немесе үш ай түрмеге жабуға үкім еткені мұрағат деректерінен белгілі. Жалпы, ұлт мүддесін өз мүддесінен жоғары қойып, жұртына еңбегін арнаған Ахмет Байтұрсынұлы сырттан төнген қауіпті аса көрегендікпен сезген және оны маңайына түсіндіре білген. Әрине, бұл саяси көрегендік қана емес, білгірлік пен біліктіліктің үлгісі.

«Жәрдем комитеті» (1915) ақпараттық жазылым, бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлы табиғат апатына ұшыраған мұсылмандарға жәрдем берудің қажеттігін жазады. Бұл идея қазіргі кезеңде де өзінің мәнін жойған емес.

«-ов» (1915) туралы «Қазақ» газеті атынан берілген түсініктеме. Қазаққа сырттай телінген бұл тәуелді «жұрнақтың» қажетсіз екенін,

оның орнына «ұлы», «қызы» деп жазудың тиімді екенін сол кездің өзінде дәлелдеген. Біз бүгін үйреніп кеткен «-ов»-тың қазақ баласына «атасы, әкесі, тегін» ұмыттыру үшін қасақана жасалған нәубет екенін енді түсінгендейміз. Десе де әлі күнге қазақтарды «ұлы», «қызы» деп ресми құжаттандыруды іс жүзіне асыруда қасандық танытып келеміз.

«Қазаққа ашық хат» (1916) мақаласында автор қазақтың мал санағаннан қорқып, бағып-өсіріп отырған малының санын жасыруды әдетке айналдырғанын сынға алады. Әрі кең-байтақ қазақ жерінде мал көп, сондықтан артық жер жоқ, яғни отарлауға жол жоқ деген ұғымды орнықтыруға бар күш-жігерін салады автор.

Қазаққа жерді пайдалануда отырықшы норма емес, керісінше көшпелі норма мақсатқа сай келетінін дәлелдейді. Егер қазақтар отырықшы нормамен жер алатын болса, көп жер артық қалады да, қоныс аударушыларға жер көп кесіліп берілетінін дәлелдейді. Және сөз соңын қазақ оқығандарына арнайды: «Қазақтың бас адамдары! Әуелі, сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс қылындар; Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер. Сендер адассандар, арттарыңнан алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар» деп үлкен жауапкершілік жүктейді.

«Жазу тәртібі» мақаласы алғаш 1912 жылы «Айқапта» басылған. Бұл оқу-ағарту ісіне арналған, ғылыми маңызы, тәжірибелік мәні зор еңбек. Мұнда қазаққа керек екі түрлі: «бірі – мұсылманша оқу, бірі – русша оқуды» басты мәселе етіп қояды. Ғалым араб таңбаларының қажет екендігін былай дәлелдейді: «Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб қаріптерінің қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Мұның амалы менің ойлауымша мынау» – дейді де өзі түрлеген әліпбидің негізгі мазмұнын түсіндіреді. Араб таңбалары бірден мойындалмағанын «Жазу мәселесі», «Шақзаман мырзаға» мақалаларынан аңғарамыз. Ахмет Байтұрсынұлы қарсыластарын «сабырмен отырып, ойласып, іс істелікке» шақырады.

«Қазақша сөз жазушыларға» мақаласында А.Байтұрсынұлы әліпбиді қорғап, араб таңбаларын латынға ауысуына қарсылығын білдіреді. Себебі: Түрік жұртының 90 пайызы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Сондықтан ғалым араб пен латын таңбаларының оқу, жазу, баспа ісіне қолайлы, лайықты жақтарын қарастырады. Жазу, емле, терминология мәселелері аталған мақалада жан-жақты баяндалады.

«Оқу жайы» (1913) мақаласында ғалым «күкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қойу, қазақша оқуды қалыққа тарату өз міндетіміз» деп ауыр жүкті көтеруге шақырады. «Орысша оқушылар» (1913) мақаласында қазақ еліндегі оқу-ағарту мәселесі туралы пікірін жазған. Тақырыптың негізі Орынбордағы Қазақ мұғалімдер мектебі туралы. Мектепті орысша атымен атауға мәжбүр

болған. Ізінді аңдыған ұлы халықтың қаһарынан құтылу үшін орыс мәтінінде «қырғыз» деп, ал жалпы қазақ жұртына «қазақ» деп айдарлап, арнайы газет шығарғаны баршамызға аян. Бірақ, сол тұстың кейбір қитұрқы саясатына көнбеске тағы болмайды. Мақала мәтініндегі ұлттың ұстазы А.Байтұрсынұлының ғибратты сөздері: «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?», «Сол қаңғырып, қалып тұрған балалар ұлттың ұлы емес пе?», «Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ», «Балам деген жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» т.б. әлі күнге ұрпақ тәрбиелеудегі маңызын жойған жоқ.

«Қазақша оқу жайынан» (1913) мақаласында бала оқыту ісіне қатысты кәсібилік туралы: «Бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісінде де солай... Оқытуымызда қандай мін бар? Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тындамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып, қайрылар, қалық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі — бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» дейді. Себебі басты ниет: «Жұрт жұмысының түзелуіне қызмет ету!» Яғни, дамып, қалыптасып жетілудегі соны жаңалықтарға оң көзқараста болып, оны әлеуметтік органның қабылдап, игеруіне ақыл-кеңесші бола білген. Мұны біз де бүгінгі бала оқыту ісінде ескеруіміз керек.

«Бастауыш мектеп» мақаласы 1914 жылы жарық көрген. Мақалада тек білім беру мәселесі емес, сол білім қандай болуы тиіс деген сауалға да жауап береді: «Қалықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң... заң қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ». Тура бүгінгі біздің халіміз де осы емес пе? Ғасыр басында ел басқару тілінің қазақшалануын тілеген зиялыларымыздың күресі мектеп жасындағы балаларды қазақша оқыту болған. Ал сол тұстағы үкіметке жағымдысы тұлға тілімен айтсақ, «...қол астындағы түрлі тілді, түрлі дінді түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттардың бір тілде сөйлегені қолайлы» болған. Сондықтан миссионерлер арқылы жазу-сызуды орысшаға аударуға билеуші үкімет бар күшін жұмылдырған. Тегі бөтен жұрттар тілінен, жазу-сызуларынан айырылып, орыспен бірдей болып сіңісу үшін, бірден орыс тілімен оқыту қағидасын ұстанған. «Күкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр қалыққа керегі өз тілін, өз дінін, өз жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек», яғни, қазақтың діні, тілі, жазуы, сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Ұстаздың бұл айтқандары бүгінгі біздің тәуелсіз еліміздің кейбір адасып жүрген ұрпақтарын (Тіпті, өзге дінге бет бұрған) қайтсек түзейміз деп ойландыруы керек-ақ, ертең «әттеген-ай» деп өкініп, кеш қалмас үшін.

«Мектеп керектері» (1914) мақаласында ғалым: «Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі әм сондай болмақшы» — деп негізгі жүктің оқытушыда екенін ескертеді. Екінші, «оқыту ісіне керек құралдар қолайлы әм сайлы болу керек» дейді, бұл жолда ұстаз-әдіскер өз ісімен өнеге көрсетті. Кешегі, бүгінгі мектептерде оқытылып келген Әліппе, ана тілі, қазақ тілі пәндеріне ұлт ұстазының мына еңбектері негіз-бастау болды: 1) Оқу құралы. Қазақша алифба. 1-нші кітап, 1912 ж., 2) Оқу құралы. 2-нші кітап, 1914 ж., 3) Оқу құралы. 3-нші кітап, 1916 ж.; 4) Тіл — құрал. 1 бөлім, Фонетика, 1914 ж., 5) Тіл — құрал. 2 бөлім, Морфология, 1915 ж., 6) Тіл — құрал. 3 бөлім, Синтаксис, 1916 ж.; 7) Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін әдістемелік құрал, 1920 ж.; 8) Әліппе-астар. Әліппеге жетекші құрал, 1924 ж.; 9) Оқу құралы. Хрестоматия (Т.Шонанұлымен бірге) 1927 ж.; 10) Тіл-жұмсар. 1 бөлім, 1928 ж., 11) Тіл-жұмсар. 2 бөлім, 1929 ж. Әдіскер-ғалым мектептің үшінші керегі жоспарлы жосық деп білген, яғни, келісілген кемел бағдарлама. Осы бастапқы үш керекті дұрыс жолға қоя білу — негізгі міндет деп білген. Және «Ана тілімен оқытамыз деген пікір — кілі орыстан басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек» деп қорытады.

«Тәні саудың — жаны сау» (1922) мақаласында мемлекетте денсаулық сақтаудың қандай орын алатыны баяндалады. Автор Қазан төңкерісінен кейін қазақ даласында бассыздыққа жол беріліп, ашаршылықтың етек ала бастағанын ашық жазады, тіпті адамдар бірін-бірі жеп жатқан жағдайдың кездесетініне күйінеді. Қазақ мәтелдерінің «Қайғысыз қара суға да семіреді», «Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама», «Мастық не дегізбейді, аштық не жегізбейді», «Бірінші байлық — денсаулық...» философиялық мәнін талдай отырып, «Тәні саудың — жаны сау деген, жақсы сабаның қымызы да жақсы болады» яғни, ауырмайтын, денсаулығы мықты халық қана ғылыммен, өнермен шұғылдана алады, сол үшін мемлекет қолдан келген барлық шараларды қолданып, халықтың тұрмысына қажетті қоғамдармен қамтамасыз етуі міндетті деп қарайды. Бұл айтылғандар да бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екенін көріп отырмыз.

«Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» атты мақала 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 14-нші санында басылған. Онда қазақ ауылдарында оқуды жаңа талаптардың негізінде қалай ұйымдастыру керек екендігін баяндалған. Мұнда көтерілген келелі пікірлер дәл осы күні де мәнін жойған жоқ.

«Түрікшелер құрылтайы» (1926) мақаласында аталған мәселелер тұжырымдалып беріледі: «Қазақ жай сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілімен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін қайсысына болса да түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды». Ғалымның оқу-ағарту ісіне арналған мақалаларының ғылыми практикалық тәжірибелік мәні зор.

Ахмет Байтұрсынұлының «Араб әліп-биін жақтаған байандама-

сының» ғылыми мәні күні бүгінге дейін өз мағынасын жойған емес. Ғылыми стилдің үлгісі болып табылатын бұл еңбек қазақ тілі білімінің сүбелі мұрасы екені анық. «Мен мәселенің ілімі мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін» деп зерттеуші бірден баяндамасының басын ашып алады. «Әліп-бій деген — тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-бій жақсы болмақшы» деп, ғалым осы өзі атаған ғылыми шарттарға сай қазақ тілі дыбыстарына араб пен латын әріптерінің қайсысы қолайлы екенін нақты талдаулар арқылы қарастырып береді. Оқуға, жазуға, үйретуге қайсысы ыңғайлы? Түрік жұртының 90 пайызы араб әрпін пайдаланып келгенін алға тартқан тілші-маман «Араб әрпінен жасап алған әліп-бійімізге жер жүзінде әліп-бій жетпейді» деп оның артықшылығын дәлелдейді. Осы ретте латын әрпінің араб әрпіне қарағандағы кемшіліктері сараланып беріледі (тіл дыбысына, басылуына, жазудағы жазылу түрі, баспаға, үйретуге, көркемдік пен көзге жайлылық жағынан). Қай жағынан болсын «араб әрпі артық болып шықты». А.Байтұрсынұлы «Солдан оңға қарай жазғанда қардың жайылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын қиындатады. Оңнан солға қарай жазғанда, қолдың қары жиылатын жағына қарай жылжиды, жиылған сайын жеңілдетеді. Көп тыныққан есепті болып, талмайды», деп тұжырымдайды.

«Түрікшелер құрылтайы» атты мақалада қарастырылған мәселелерді баяндай келе, өзінің «Пән сөздерінің жүйесі туралы» салада түрік тілінің пән сөздері туралы деген тақырыптағы жасаған баяндамасын әңгімелеп береді. «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежеге жеткен». Яғни, А.Байтұрсынұлының басты қағидасы «қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты» деген айшығында. Оған дәлел «Әдебиет танытқыш» екені анық.

«Первый всесоюзный тюркологический съезд» атты стенограмма жиылыстағы пікір таластың өрбуін көрсетеді. Мұнда А.Байтұрсынұлы тіл білімінің заңдылықтарына сай қажетті талдаулар жасау арқылы дұрыс жазудың негізін саралап береді. Профессор Щербаға сілтеме жасай отырып, түркі тілдерінің жазу тәртіптерін орыс тілі фонетикасымен салыстырып, қарастырады. Негізгі тақырып «как мы, казахские научные и литературные работники, строим терминологию для литературы народа, и во-вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии». Осы ретте ғалым біз бүгін дүниежүзілік әдебиеттануда компаративистика деп жүрген саланың да мәнін ашады: «Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всегo человечества. В культуре каждой нации, кроме соб-

ственного творения, имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д».

Осындай ғылыми теориялық тұжырымдармен қатар А.Байтұрсынұлы әлументтік саяси ахуалды да есте сақтап отырады: «...до революции 1905 г., нам казахам, печатать на родном языке ничего не разрешалось. Лишь после этой революции на казахском языке начали выходить брошюры, журналы, газеты, учебники». Баяндамашы басты талапты ашық айтады: «...заимствованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на них должны распространяться звуковые законы нашего языка» (Оренбург — Орынбор, Самара — Самар, пуховой — бөкебай т.б.). Осы еңбекте әдеби тіл, стилге А.Байтұрсынұлы тағы бір теориялық тұжырымды алға тартады: «...наш язык не делится на язык народный и литературный, на говор простонародья, и интеллигенции» (424 б.). Түрік пен әзербайжан, татар мен башқұрт, түрікмен мен қырғыз тілдерімен салыстырылып берілген бұл қағиданың анық екені күмән тудырмайды.

«Партия әм кеңес құрылысындағы рушылық әсері» (1926) мақаласында «Кеңес үкіметінің орнағанына 9 жыл болғаннан кейін қазақ халқының арасында алғашқы қауымдық құрылыстың сарқыншақтары бар ма?» деген сауалға нақтылы жауап берілген. Қазақ қоғамында ру болып бөлінуге негіз жоқ, бірақ кейбір атқамінерлердің тікелей әрекеттерімен ел арасында рушылдықты қоздырып, оны өздері қойған мақсатқа жету үшін пайдаланатыны қатаң сынға алынған. Сөйте отырып қазақ қоғамында рулық қатынастардың сарқыншақтары әдет-ғұрып нормалары ретінде (ас беру, той өткізу, қалың мал, жылу, т.б.) бар екенін мойындайды. Сауда капиталының орыстыкі ғана емес, жалпыға тән екеніне де арнайы тоқталады.

Еліне, ұлтына, келешек ұрпақ — біздерге осыншама ғибратты ғылыми негізі толық дәлелденген ойларды асыл сөздермен нақтылап берген қазақ ұлтының ұлағатты ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бұл істері зиялы қауымға үлгі болып қала бермек. Бүгінгі мәселе бұларды насихаттау ғана емес, іске асыру жағын да қолға алу. Орасан іргелі іс атқарған ғалымның рухына Алла разылығы Пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.а.с шапағаты болғай!

Ісімақова Айгүл,
филология ғылымдарының докторы

అనుభవములు

۴. بايتورسوف.

اوقۇقۇرالى



اصول صوتيه جولى مین توتیب ایتلگدن

قازاقچه الفبا

۱ نچی كتاب.



بالالارا بو جول باسی دانالقا.
کیلگنر، توسوب، بايقاپ فارالقا |
بو جول مین پارا چاتقان لوزگنسی کوبه
سولاردی کوره تورا قالاتقا |
دانالقی اوچیس جلق، کیتیس بایلقی.
جورگنسر لزدیب تلوب آلاقتا |
ا. ب.



«کریمونی، سینوف و شری» نك مطبعهسی

لورسوف - ۱۹۱۲.

А.БАЙТҰРСҰНОВ

О Қ У Қ Ұ Р А Л Ы

Усул сотие жолымен тәртіп етілген

ҚАЗАҚША АЛИФБА

I-нші кітап

Балалар! Бү жол басы даналыққа.
Келіндер, түсіп, байқап қаралық та!
Бү жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық — өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріндер іздеп тауып алалық та!

А.Б.

Электро-паровая лито-типография
Товарищества «Каримов. Хусаинов и К»
Оренбург. 1912.

титулдың екінші жағы

Бү алифбадағы қай кәріф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы әм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы — бұлар жайын «Байаншы» деген кітапшадан қараңыз.

Қазақтан басқа түркі, араб, фарсы сөздеріне жазылатұн кәріфтер алифбаға жалғас 2-кітаптан оқылады.



Би исми-иллаһи-рахмани-рахим

1, 2, 3) * (з) ز - (р) ر - (а) ا

	(а) ا	(а) ا	(а) ا	(а) ا
(зар) زار	(з) ز	(р) ر	(з) ز	(р) ر
(азар) ازار	(а) ا	(а) ا		
(араз) اراز	(аза) ازا	(ара) ارا	(аз) از	(ар) ار

Ар, ара, араз, аз, аза, азар, зар.

* Бұл үш қәріфті балаларға үйрету үшін әуелі әрбірін бөлек-бөлек бір-бір жапырақ қағазға үлкен етіп жазу. Сонан соң А-дан бастап әрбірін балаларға бөлек-бөлек көрсету. Балалар әрбірін жанылмайтын болып білген соң, алифбаға қаратып оқыту. Бормен жазатын үлкен тақтай болса, әрбірін бөлек-бөлек тақтайға жазып көрсетсе де болады.

4) ** (л) ل

(зар) زار	(ар) ار	(алар) الار	(а) ا	(а) ا
(зарла) زارلا	(арла) ارلا	(ара) ارا	(ла) لا	(л) ل
(зарлар) زارلار	(арлар) ارلار	(арал) ارال	(ала) الا	(ал) ال

Ал, ала, алар, ар, ара, арал, арла, арлар, аз, аза, азар, зар, зарла, зарлар.

** Бұл жерде айту керек: кей қәріфтер келесі қәріфтермен жалғасады, кей қәріфтер жалғаспайды. «а», «р», «з» — жалғаспайтын қәріфтер, «л» — жалғасатын қәріф жалғарда құйрығын кесіп қысқартамыз. Мұнан басқа кейінгі жалғасатын қәріфтер турасында да осыны айтарға (керек).

5) (c) س

(алар)	алар	(саз)	саз	(ал)	ал	(ас)	ас
(алса)	алса	(сазар)	сазар	(ала)	ала	(аса)	аса
(салар)	салар	(рас)	рас	(алас)	алас	(асар)	асар
(салса)	салса	(лас)	лас	(сас)	сас	(сал)	сал
(азар)	азар	(арлас)	арлас	(саса)	саса	(сала)	сала
(азса)	азса	(арлар)	арлар	(сасар)	сасар	(салар)	салар

Ас, аса, асар, ал, ала, алар, алас, аласа, алса, саз, сазар.

Саз аз. Ас асар. Алса алар. Салса салар. Азса азар.

6) (т) ت

(аста)	аста	(тат)	тат	(тар)	тар	(ат)	ат
(астар)	астар	(татар)	татар	(тара)	тара	(ата)	ата
(таста)	таста	(сат)	сат	(тарал)	тарал	(атар)	атар
(тастар)	тастар	(сатар)	сатар	(тас)	тас	(таз)	таз
(арт)	арт	(артар)	артар	(таса)	таса	(таза)	таза
(тарт)	тарт	(тартар)	тартар	(тасала)	тасала	(тазар)	тазар

Тал, тала, талар, талас, тас, таса, тасала, таста, тастар, тазар, тазарса. Ат сат. Тал тарт. Ас асат. Ат. Ала. Тас таза. Арал тар. Татар ат сатар. Сарт алар.

7) * (o) و

(тор)	тор	(зор)	зор	(ол)	ол	(ор)	ор
(торла)	торла	(зорла)	зорла	(олар)	олар	(ора)	ора
(торлар)	торлар	(зорлар)	зорлар	(орлар)	орлар	(орал)	орал
(солар)	солар	(сор)	сор	(от)	от	(Ораз)	Ораз
(толар)	толар	(сора)	сора	(ота)	ота	(орар)	орар
(тозар)	тозар	(сорар)	сорар	(отар)	отар	(Орас)	Орас

Ор, орта, тор, торта, от, отас. Тол, толас, ор, орлас, осал.

Ат озар. Тор тозар. Орта толар. Олар артар. Ол тартар. Ораз осал. Орал орар.

* «о» сөз басында келсе алдына тайақ қойылады: бұл тайақ оқылмайды, сүйеу болу үшін қойылады демек керек.

8) (н) ن

(орна)	اورنا	(онан)	اونان	(нан)	نان	(он)	اون
(атна)	اتنا	(оннан)	اوننان	(нар)	نار	(тон)	تون
(атан)	اتان	(тонар)	تونار	(нанар)	نانار	(зон)	زون
(Асан)	اسان	(тоннан)	توننان	(сан)	سان	(ана)	انا
(аран)	اران	(сона)	سونا	(сана)	سانا	(тана)	تانا
(арзан)	ارزان	(сонар)	سونار	(санар)	سانار	(сана)	سانا

Нас, нар, арна, орна, ора, отан, арлан, тарлан, зарлан, зорлан, сазан.

Нан аз. Нар зор. Атан арзан. Он тана. Ат азар. Тон тозар. Асан атар. Атаннан нар зор. Асаннан Осан зор.

9) (к) ق

(қол)	قول	(қон)	قون	(сақ)	ساق	(ақ)	اق
(қола)	قولا	(қонар)	قونار	(сақа)	ساقا	(оқ)	وق
(қолқа)	قولقا	(қонақ)	قوناق	(сақал)	ساقال	(оқа)	وقا
(қала)	قالا	(қос)	قوس	(қат)	قات	(так)	تاق
(қолқа)	قالقا	(қосар)	قوسار	(қатал)	قاتال	(тақа)	تاقا
(қалқан)	قالقان	(қосақ)	قوساق	(қатар)	قاتار	(тақал)	تاقال

Қаз, қаза, қазан, қазақ, қарал, қатал, қатар, қарас, қарта, қасқа, тасқа, асқан, тасқан, тоқта, ноқта, соқ, соқта, такта, тарақ, талақ, қалақ.

Қар ақ. Қарт сақ. Қазан қара. Қазақ тоқ. Қос аласа. Қонақ қонар. Ақ қара аралас. Қазақ татар қаралас.

10) (б) ب

(бар)	بار	(бал)	بال	(саб)	ساب	(об)	وب
(албар)	البار	(бала)	بالا	(саба)	سابا	(оба)	وبا
(албан)	البان	(балалар)	بالالار	(сабан)	سابان	(обал)	وبال
(қан)	قان	(бор)	بور	(қаб)	قاب	(тоб)	توب
(қанба)	قانبا	(бора)	بورا	(қабар)	قابار	(таба)	تابا
(қанбас)	قانباس	(боран)	بوران	(қабан)	قابان	(табан)	تابان

Арба, балта, бата, бота, болат, боран, бас, базар, басқа, босқа, батқан, баққан, табқан.

Ат албар. Нар бота. Болат балта. Нан қалта. Қар борар. Боран болар. Боқан бақан алар. Қоқан сабан салар.

11, 12) *(y), (y) ۇ

(күл)	قۇل	(үр)	اۇر	(қорқу)	قورقۇ	(ару)	اردۇ
(күла)	قۇلا	(үк)	اۇق	(қотару)	قوتارۇ	(азу)	ازۇ
(күлан)	قۇلان	(үн)	اۇн	(орану)	اورانۇ	(алу)	الۇ
(түр)	تۇر	(сүр)	سۇر	(асату)	اساتۇ	(табу)	تابۇ
(түра)	تۇرا	(сүра)	سۇرا	(босату)	بوساتۇ	(тану)	تانۇ
(түрақ)	تۇراق	(сүран)	سۇران	(балқу)	بالقۇ	(тасу)	تاسۇ

Құр, құрақ, құлақ, ұлтан, құрбан, ұзақ, тұзақ, құнан, сүлу, түру, үру, ұлу, бұзу.

Ат ару. Тон тозу. Қазан асу. Ас салу. Бақан күлар. Құнан аттан арзан. Қар бораса, бұрқақ болар.

* «о» турасында айтқанды мұнда да айтарға керек. Иағни, «ү» алдында тайақ сүйеу үшін қойылады деп.

13) (ж) ج

(алжу)	الجۇ	(таж)	تاج	(жол)	جول	(жан)	جان
(қалжа)	قالجا	(жат)	جات	(жолақ)	جولاق	(жана)	جانا
(олжа)	اولجا	(жатақ)	جاتاق	(жону)	جونۇ	(жанар)	جانار
(болжа)	بولجا	(жорт)	جودت	(жору)	جورۇ	(жанак)	جاناق
(жатқа)	جاتقا	(жорта)	جورتا	(жора)	جورا	(жар)	جار
(жаққа)	جاتقا	(жортақ)	جورتاق	(жота)	جوتا	(жара)	جارا

Жаз, жаза, жазу, ажар, ажал, жас, жаса, жасак, жол, жора, жоба, жосбар, жанжақ, жантақ, жаржақ, жалтақ, жұтар, жұлқар.

От жанар. Ат жатар. Қар жоқ. Қанжар қару. Жатқан жатақ. Жатақ атак. Жұрт жатқан. Жанжақта от жоқ.

14) (ш) ش

(шортан)	چورتان	(шаш)	چاش	(алаш)	الاش	(аш)	اش
(шолақ)	چولاق	(шаша)	چاشа	(алаша)	الاشا	(аша)	اشا
(шошак)	چوشاق	(шашак)	چاشақ	(араша)	اراشا	(ашар)	اشار
(ошак)	اوشاق	(ашу)	اشۇ	(қаш)	قاش	(шал)	شال
(арша)	ارشا	(үшу)	اشۇ	(қашу)	قاشۇ	(шала)	شالا
(қанша)	قانشا	(шашу)	چاشۇ	(қашан)	قاشان	(шалаш)	شالاش

Жақ, шак, жоқ, шоқ, жана, жолақ, шолақ, жала, шала, ақша, бақша, шоқша, күлаш, қошқар, шошқа.

Ашу бас. Шашу шаш. Шолақ шаш. Жолақ алаша.

Шал шаршар. Шабан ат. Қара шана. Он құлаш арқан. Он құшақ арша. Бұл ақ шабақ, ол шортан.

15) * (ы) ی

(ЫҚТЫН)	اقتىن	(ЫҚ)	اق	(алты)	التى	(ары)	ادى
(ЫСТЫ)	استى	(ЫС)	اس	(алтын)	التن	(арық)	ارقى
(НЫҚТЫҚ)	نقتق	(НЫҚ)	نق	(салқы)	سالتقى	(азы)	ازى
(ҚЫНЫ)	قنى	(ҚЫН)	قن	(салқын)	سالقن	(азық)	ازقى
(ЖЫРЫҚ)	جرقى	(ЖЫР)	جر	(асы)	اسى	(қаны)	قانى
(СЫЗЫҚ)	سزقى	(СЫЗ)	سز	(асыр)	اسر	(қанық)	قاتقى

Балшы, балшық, табы, табын, жыл, жылы, құл, құлы, жылқы, балы, балық, қызы, қызық, жақсы, бақсы.

Ол балшы. Асық алшы. Жылқы арық. От жарық. Балшы бал ашар. Балықшы балық алар. Қатын қабық аршыр. Қыс жақсы, астық арзан.

* «ы» сөздің басқы буынында жазылмайды, оның сүйеніш тайағы ғана жазылады. Тайақ «ы»-ның жазылмаса да барлығын көрсетеді.

16) (м) م

(МЫҚ)	مقى	(алма)	الما	(мас)	ماس	(там)	تام
(МАМЫҚ)	مامقى	(алмас)	الماسى	(маса)	ماسا	(тама)	تاما
(МЫС)	مىس	(алмақ)	الماقى	(масак)	ماساقتى	(тамақ)	تاماقى
(ҚАМЫС)	قامىس	(қалмақ)	قالماقتى	(мол)	مول	(шам)	چام
(МҰЗ)	مۇز	(салмақ)	سالماقتى	(молы)	مولى	(шама)	چاما
(МҰРТ)	مۇرت	(талмақ)	تالماقى	(молық)	مولقى	(шамалы)	چامالى

Мал, малы, малшы, тамыр, тамыз, құм, құман, құмақ, марқа, малта, мақта, мақбал, марал, жұмсақ.

Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашшы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Қармақты балық қабар.

17) (ғ) غ

(АЛҒЫС)	الغىس	(алғыр)	الغىر	(шағым)	چاغىم	(аға)	اغا
(ШАЛҒЫН)	چالغىن	(шалғыр)	چالغىر	(сағым)	ساغىم	(ағар)	اغار
(ҚАЛҒУ)	قالغۇ	(жалғыз)	جالغىز	(сағак)	ساغاقى	(ағаш)	اغاچ
(ҚАМҒУ)	قامغۇ	(алған)	الغان	(ағын)	اغىن	(таға)	تاغا
(ЖАБЫҒУ)	جابغۇ	(қалған)	قالغان	(арғын)	ارغىن	(тағар)	تاغار
(ШАЛҒУ)	چالغۇ	(жалған)	جالغان	(тарғыл)	تارغىل	(таған)	تاغان

Таған, тарғақ, қарға, шағала, қызғыш, қарлығаш, тағы, тамағы, жабағы, тұғыр, нығыз, нағыз, тоғыз.

Ат тағалат! Жорға жорғалат! Оған қарама! Маған қара! Оған он жас, бұған тоғыз жас. Ол олақ, бұл жазғыш.

18) (д) د

(алды)	الدى	(доға)	دوغا	(дақ)	داق	(ада)	ادا
қалды)	قالدى	(доғар)	دوغار	(дала)	دالا	(адам)	ادام
(барды)	باردى	(доғала)	دوغالا	(дара)	دارا	(адал)	ادال
(балдақ)	بالداق	(жылда)	جلدا	(дана)	دانا	(адас)	اداس
(балдыр)	بالدىر	(жылдар)	جلدار	(дабыс)	دابىس	(адым)	ادم
(сандық)	ساندىق	(жылдам)	جلدام	(дыбыс)	دبىس	(адыр)	ادر

Қадам, қадақ, одақ, қарындас, қарындаш, құда, құдаша, құрдас, құндақ, құмдақ.

Адыр адам. Дабыл жол. Жылдам жазу. Олар адас. Бұлар құрдас. Малды малшы бағады. Бала қармақ салды, алты балық алды.

19) (п) پ

(алап)	الاپ	(топта)	توپتا	(арпа)	ارپا	(ап)	اپ
(далап)	دالاپ	(топса)	توپسا	(пара)	پارا	(апа)	اپا
(шалап)	چالاپ	(опыр)	اوپر	(тапал)	تاپال	(апан)	اپان
(ақпан)	اقپان	(пұл)	پۇل	(топ)	توپ	(оп)	وپ
(қақпан)	قاقپان	(пұд)	پود	(топыр)	توپر	(опа)	وپا
(балапан)	بالاپان	(тарпу)	تارپۇ	(доп)	دوپ	(опала)	وپالا

Қап, қапшық, шап, шапан, шапыраш, жапырақ, сопақ, соқпақ, сорпа, аспан, жалпақ, қалпақ, аппақ, топас, торпақ, ұрпақ.

Аққу аппақ. Шапан шапшақ. Аспан ашық. Қора батпақ. Жас жапырақ. Қара топырақ. Аспан зор. Қапаш аласа. Арпа астық. Сорпа тамақ.

20) (ң) ن

(шан)	چان	(оң)	اون	(аң)	ان
(шаңы)	چاننى	(оңы)	اوننى	(аңы)	اننى
(шандақ)	چانداق	(оңды)	اوندى	(аңы)	اننى
(мұң)	مۇن	(соң)	سون	(таң)	تان
(мұңды)	مۇندى	(соңы)	سوننى	(таңы)	تанны
(мұңдас)	مۇنداس	(соңғы)	سونغى	(таңда)	تاندا